

**ЖШС «Әсет – Әли» бөбекжай балабақшасының өндірістік  
кеңес жанындағы кезекті отырысы**

**Хаттама № 1**

**04.09.2024 ж**

**Қатысқандар: 13**

**Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:**

1. Қызметкерлердің құрамы, 2024 – 2025 оқу жылында жаңа келген қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстыру.
2. Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы.
3. Өртүрлі мәселелер.

**Тыңдалды:**

Балабақша меңгерушісі Б. Турлыбекова балабақша қызметкерлерін жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, жаңа оқу жылына жаңа табыстар тіледі. Балабақшаның ішкі еңбек тәртібімен таныстырып, балабақша қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттерімен, балабақша күн тәртібімен таныстырып өтті.

Екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі А. Кулжанова және балабақша аспазшысы Г. Садықбекова сөз алды, ол өз сөзінде балалардың тамақтану мәзірінің айлық және бір апталық мәзір алдын – ала дайындалып қойылатынын, сонымен қатар күз мезгілінде көкөністер мен жемістер пісіп жатқандықтан, ас мәзіріне көптеп енгізілгендігі туралы айтып өтті.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе өндірістік кеңес қаулы етеді:**

1. Ішкі еңбек тәртібімен таныстырылғандығы жөнінде нұсқаулық жасалып, таныстырылсын.
2. Балалардың тамақтануының ұйымдастырылуы санпин талаптарына сай жүргізілсін.

**Төрайымы:**  **Б. Турлыбекова**

**Хатшы:**  **К. Тагаева**



**ЖШС «Әсет – Әли» бөбекжай балабақшасының өндірістік  
кеңес жанындағы кезекті отырысы**

**Хаттама № 2**

**05.12.2024 ж**

**Қатысқандар: 14**

**Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:**

1. Жаңа жыл мерекесіне дайындық.
2. Өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуы.
3. Қызылша ауруының алдын алу жұмыстары.

Тыңдалды:

Өндірістік кеңес мәжілісінің төрағасы балабақша меңгерушісі Б. Турлыбекова сөз алып, бүгінгі жиналыстың күн тәртібімен таныстырып өтті, алды жаңа жыл мерекесін өткізу жауапкершілігі тұрғанын жеткізді, жаңа жыл мерекесін өткізу барысында ең алдымен өрт қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігін сақталуын ескертті. Сонымен қатар жаңа жыл мерекесі балалардың ең сүйікті мерекелерінің бірі болғандықтан, балаларға қызықты өту үшін бар жағдайлар жасалынып, бағдарламасын талқылап бекітті.

Екінші мәселе бойынша балабақшаның шаруашылық жөніндегі меңгерушісі Г. Каракулова сөз алып, өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталуы жөнінде айтып өтті. Қыс мезгілі болғандықтан, алдағы мерекелердегі топтарда қарапайым өрт қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескертті.

Үшінші мәселе бойынша балабақша медбикесі А. Кулжанова сөз алып балабақшадағы балаларды жұкпалы аурулардан қорғау мақсатында профилактикалық сенбілік жасалғаны жайлы айтып өтті. Қызылшаға қатысты баяндама оқып, сұрақтарға жауап берді.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе өндірістік кеңес қаулы етеді:**

1. Жаңа жыл мерекесіне дайындық жүргізуге жауапты қызметкерлер бекітілсін.
2. Өрт қауіпсіздігі ережелері сақталсын.
3. Балабақша балалары түгел қызылшаға қарсы екпе салдырсын.

**Төрайымы:**  **Б. Турлыбекова**

**Хатшы:**  **К. Тагаева**

